



KASE АПТАЛЫҒЫ

20–24 Шілде, 2026

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- ▲ KASE ресми тізіміне "АРКАДА ИНДАСТРИ" ЖШС-ның [KZ2P00018591](#) (ARCDpp5), "Екібастұз ГРЭС-2 станциясы" АҚ-тың [KZ2C00019040](#) (SEGRpp3), "Шинхан Финанс" МҚҰ ЖШС-ның [KZ2P00019136](#) (MFSHb1) облигациялары, Қарағанды облысының жергілікті атқарушы органының [алты облигациялар шығарылымы](#) және жергілікті атқарушы органдардың [үш облигациялар шығарылымы](#) енгізілді.
- ▲ KASE-де "Сейф-Ломбард" ЖШС-ның [KZ2P00013394](#) (MFSLb9), "Қазақстандық тұрғын үй компаниясы" АҚ-тың [KZ2C00015931](#) (KZIKb45), "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ-тың [KZ2C00014850](#) (KFUSb95), "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ-тың [KZ2C00018828](#) (SKKZb32) және [KZ2C00018836](#) (SKKZb33), сондай-ақ "Скулбас" ЖШС-ның [KZ2P00017577](#) (SCLBb3) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- ▲ "Сейф-Ломбард" ЖШС-ның [KZ2P00013394](#) (MFSLb9) облигациялары "таза" бағамен сауда-саттық режиміне ауыстырылды.
- ▲ Freedom Finance Global PLC компаниясына Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің KZK200000729 (MOM048_0054) облигациялары бойынша KASE-де маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- ▲ Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 78,8 млн [KZK200000794](#) (MOM036_0093) МЕОКАМ, 42,0 млн [KZKD00001319](#) (MUM072_0016) МЕУКАМ және 20,7 млн [KZKD00001327](#) (MUM096_0016) МЕУКАМ орналастырды.
- ▲ "Скулбас" ЖШС KZ2P00017577 (SCLBb3) облигацияларын орналастыру арқылы 0,7 млн АҚШ долларын [тартты](#).
- ▲ "MyCar Finance" МҚҰ ЖШС KZ2P00017932 (MFMCb3) облигацияларын орналастыру арқылы 720,4 млн теңге [тартты](#).
- ▲ "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00015170 (KFUSb112) облигацияларын орналастыру арқылы 9,4 млрд теңге [тартты](#).
- ▲ "Шинхан Финанс" МҚҰ ЖШС KZ2P00019136 (MFSHb1) облигацияларын орналастыру арқылы 10,0 млрд теңге [тартты](#).
- ▲ "TAS FINANCE GROUP" (ТАС ФИНАНС ГРУПП) МҚҰ ЖШС KZ2P00018468 (MFTSb8) облигацияларын орналастыру арқылы 6,1 млрд теңге [тартты](#).
- ▲ "Лизинг Групп" АҚ KZ2C00018794 (LZGRb17) облигацияларын орналастыру арқылы 117,0 млн теңге [тартты](#).
- ▲ "MyCar Finance" МҚҰ ЖШС KZ2P00017932 (MFMCb3) облигацияларын орналастыру арқылы 1,1 млрд теңге [тартты](#).
- ▲ "TAS FINANCE GROUP" (ТАС ФИНАНС ГРУПП) МҚҰ ЖШС KZ2P00018468 (MFTSb8) облигацияларын орналастыру арқылы 916,4 млн теңге [тартты](#).
- ▲ Алты облыстың және Астана қаласының әкімдіктері 16,6 млрд теңге [тартты](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- ▲ "Қазақстан Халық Банкі" АҚ US46627J3023, US46627J2033 (HSBKd) ЖДҚ-ны кері сатып алу бағдарламасы шеңберінде меншікті бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелер туралы ақпарат [ұсынды](#).
- ▲ Анонс: 5 тамызда "Эйр Астана" АҚ 2026 жылғы екінші тоқсан мен бірінші жартыжылдықтың нәтижесін [жариялайды](#).
- ▲ "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ Fitch Ratings агенттігінің банк пен оның облигацияларының рейтингтерін растағанын [хабарлады](#).
- ▲ "ForteBank" АҚ Moody's Ratings агенттігінің банктің рейтингтерін көтергені және болжамды "Тұрақты" деңгейінде белгілегенін [хабарлады](#).
- ▲ "Отбасы банк" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ 2025 жыл қорытындысына сәйкес жай акциялар бойынша дивидендтің екінші траншын [төледі](#).
- ▲ "Транстелеком" АҚ 2024 жыл қорытындысына сәйкес жай акциялар бойынша дивиденд [төледі](#).
- ▲ "Маңғыстау өңірлік электр желілік компаниясы" АҚ 2025 жыл қорытындысына сәйкес жай және артықшылықты акциялар бойынша [дивиденд](#) төледі.

24.07.2026

KASE Индексі 7 672,54 Трендтер (%) -0,5 -0,2


	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а
Advanced Micro Devices, Inc.	533,5	8,3	1,2
AT&T Inc.	23,8	8,2	5,1
Intel Corporation	99,0	2,1	- 26,8
NVIDIA Corp.	210,0	2,0	4,4
АО "Эйр Астана"	698,0	1,5	6,2
Bank of America Corporation	62,2	1,3	7,6
Apple Inc.	334,0	0,7	11,1
АО "Кселл"	3 228,0	0,6	0,3
АО "Казакхтелеком"	41 450,0	0,1	2,7
АО "Национальная компания "КазМунайГаз"	34 270,0	- 0,1	2,6
АО "KEGOC"	1 440,0	- 0,1	0,1
АО "Банк ЦентрКредит"	4 486,0	- 0,3	- 3,1
АО "Народный Банк Казахстана"	377,1	- 0,5	1,4
АО "Национальная атомная компания "Казатомпром"	32 189,0	- 0,6	- 6,8
АО "KM GOLD"	60,0	- 1,6	- 0,5
Microsoft Corporation	384,8	- 2,0	3,1
АО "КазТрансОйл"	1 133,0	- 2,2	1,2
АО Kасpi.kz	40 851,1	- 2,5	1,0
АО "ForteBank"	10,0	- 2,5	- 7,6
Freedom Holding Corp.	155,5	- 2,8	10,3
PayPal Holdings Inc.	53,0	- 4,0	26,7
Pfizer Inc.	23,0	- 8,7	- 7,6
Tesla, Inc.	313,2	- 18,1	- 18,8

Анықтама: жасып түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі




Апта қорытындысы бойынша KASE индексінің мәні 0,5 % төмендеп, 7 672,54 тармақты құрады. Бұл ретте KASE индексінің өкілдік тізіміндегі үш акция аптаны оң аймақта аяқтады.

Осу қарқыны бойынша көшбасшы Air Astana акциялары болды, олардың бағасы апта қорытындысы бойынша 1,5 % өсті. 5 тамызда компания 2026 жылғы екінші тоқсан мен бірінші жартыжылдықтың нәтижесін жариялайды. Байланыс саласы өкілдерінің акциялары да оң серпін көрсетті: Kcell акцияларының бағасы 0,6 % өссе, "Қазақтелеком" АҚ-тың жай акциялары 0,1 % қымбаттады.


Ең төменгі серпінді Kасpi.kz акциялары көрсетті, олардың бағасы 2,5 % төмендеді.

Ақша нарығында бір күндік репо операциялары бойынша TONIA қарыз алу мөлшерлемесі апта қорытындысы бойынша жылдық 16,29 %-ға дейін төмендеді. АҚШ долларымен жасалатын бір күндік валюталық своп операцияларының кірістілігі бір апта ішінде жылдық 13,15 %-ға дейін өсті.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысық кірістілігі



Маусым айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 1 АҚШ доллары үшін 479,98 теңгеге дейін 1,3%-ға нығайды. Қазақстан қор биржасындағы бір күндік сауда-саттықтың орташа көлемі бір айда 392 миллионнан 369 млн АҚШ долларына дейін төмендеді. Ал жалпы сауда-саттық көлемі 8,1 млрд АҚШ долларына жетті.

Маусым айында биржа нарығында Ұлттық қордан 200 млн АҚШ доллары көлемінде валюта сатылды. Ұлттық қордан сатылған көлемнің үлесі жалпы сауда-саттық көлемінің 2,6%-ын немесе күніне шамамен 9 млн АҚШ долларын құрады.

Жыл бойы бюджеттік түсімдер мен шығыстардың біркелкі болмайтынын ескере отырып, 2026 жылғы маусымнан бастап Қаржы министрлігіне берілетін трансферттер республикалық бюджеттің нақты қажеттілігіне қарай бөлінеді.

Бұл тетік Ұлттық қордан сатылатын трансферттердің жалпы көлемі валюта нарығында Ұлттық Банк тарапынан жыл соңына дейін біркелкі қалыпта «айналанатынын» көрсетеді.

Осы мақсатта Ұлттық Банк маусым айында Ұлттық қордан 460 млн АҚШ долларын сатып алды. Бұл қаражат Ұлттық қор операцияларын «айналау» тетігі аясында 2026 жылдың соңына дейін ішкі валюта нарығында біркелкі сатылады.

Биржа нарығында Ұлттық Банктің Ұлттық қордан шілде айында сататын валюта көлемі 200-ден 300 млн АҚШ долларына дейінгі аралықты құрамақ.

Маусым айында айналау операциялары аясында шамамен 354 млрд теңге айналымнан алынды. 2026 жылғы III тоқсан ішінде осы тетік аясында шамамен 1,1 трлн теңгеге балама сомаға шетелдік валюта сатылады деп жоспарланып отыр.

Ұлттық Банк Ұлттық қор қаражатымен операция жүргізгенде де, айналау тетігін іске асырғанда да нарықта бейтарап болу қағидатын қатаң ұстанады.


Маусым айында Ұлттық Банк тарапынан валюталық интервенциялар жүргізілген жоқ.

Квзимемлекеттік сектор субъектілері өздерінің валюталық түсімдерінің бір бөлігін міндетті түрде сату талабы аясында өткен айдың қорытындысы бойынша сатылған валюталық түсімнің көлемі шамамен 423 млн АҚШ долларын құрады.

БЖЗҚ-ның зейнетақы активтеріндегі валюталардың үлесін тұрақты ұстап тұру үшін Ұлттық Банк маусым айында биржадағы сауда-саттық кезінде шетелдік валюта сатып алды. Оның жалпы сомасы 92 млн АҚШ долларын немесе жалпы сауда-саттық көлемінің 1,2%-ға жуығын құрады.


Шетел валюталарының бағамы

динамикасы
Δ %, база (01.01.26)



Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.

Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	
 S&P 500	7 411,98	-0,6	0,7	16,5	-0,7
 Dow Jones	51 947,25	-0,4	0,2	16,2	-0,5
 PTC	874,26	11,1	-7,5	-22,0	
 MMBБ	2 165,54	10,6	-3,5	-22,9	
 Hang Seng	24 963,23	1,6	6,6	-2,7	2,0
 SS CSI 300	4 649,19	2,7	-5,9	12,1	2,1
 Euro Stoxx 50	6 280,94	0,8	1,1	17,3	0,8
 FTSEuroFirst	7 162,50	1,1	1,9	19,1	0,9
 FTSE 100	10 736,23	1,3	2,6	17,5	1,4
 KASE	7 672,54	-0,5	-0,2	20,3	

Шикізат нарығы

24.07.2026

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	96,78	9,9	31,2	39,9
Мұнай (WTI)	89,31	8,3	27,0	35,3
Табиғи газ	2,87	-1,4	-10,9	-7,2
Мыс	632,00	1,6	6,2	9,4
Темір	739,50	-2,8	-0,9	-9,0
Алтын	4 052,79	0,9	1,3	20,4
Күміс	58,66	4,7	1,0	50,3
Астық	678,00	-0,7	15,7	25,2

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

Валюта Болжам Алдыңғы

29.07	Шикі мұнай қорлары	USD		2,010M
29.07	ФРС пайыздық мөлшерлемесі бойынша шешім	USD	3,75%	3,75%
30.07	Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (шілде)	GBP	3,75%	3,75%
30.07	Жеке тұтыну шығыстарының базалық баға индексі (ж/ж) (маусым)	USD		3,4%
30.07	ЖІӨ (тоқ/тоқ) (2-тоқ.)	USD	2,3%	2,1%
30.07	Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға берілген алғашқы етінімдер саны	USD	206K	187K
31.07	Өндірістік сектордағы іскерлің белсенділік индексі (PMI) (шілде)	CNY	49,9	50,3
31.07	Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім	JPY	1,00%	1,00%
31.07	Тұтыну бағаларының индексі (ИПЦ) (ж/ж) (шілде)	EUR	2,9%	2,8%

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

Мәні

Күні

В – миллиард
М – миллион
К – мың
Алдыңғы ай

Жылдық инфляция	10,3%	01.07.26	10,4%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	62,2	01.07.26	67,4
Ақша базасы, млрд KZT	15 579,7	01.07.26	14 840,8
Ақша масса, млрд KZT	55 000,2	01.07.26	52 675,4

Қазақстанның несие рейтингі

Рейтинг

Күні

Алдыңғы

S&P Global

BBB-/A-3 позитивті

20.02.26

BBB-/A-3 позитивті

Moody's

Baa1/тұрақты

01.10.25

Baa2/позитивті

FitchRatings


BBB/тұрақты

15.07.25

BBB/тұрақты

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, А15G7M6,
Алматы қ., Байзақов көшесі, 280-үй, Almaty Towers
көпфункционалды кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-
қабат

Тел.: +7 (727) 237 53 23
+7 (727) 237 53 28



KASE



FAQ

in



f



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.